

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
«ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ

БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
№10 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН  
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ  
110000 Қостанай к. 7 шағынаудан 25/2  
Тел:22-48-33 Факс:22-07-64



КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА  
№10 ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ  
ГОРОДА КОСТАНАЯ» УПРАВЛЕНИЯ  
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ  
110000 г.Костанай 7 микрорайон 25/2  
Тел:22-48-33 Факс:22-07-64

## БҮЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

01.09.2023ж.

№ 301(негізгі қызмет бойынша)

### Мектепте оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

Қостанай қаласы білім бөлімінің «Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру туралы» 01.09.2023ж. бүйрығы және «Қостанай қаласының орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оку жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін анықтау туралы» 31.08.2023ж. бүйрығына сәйкес оқушылардың сапалы тамақтануын ұйымдастыру және ыстық тамақпен қамтылуы санын көбейту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «КР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № КР ДСМ-76 бүйрығымен бекітілген Білім беру обьектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес асхана жұмысын және оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастырысын.
2. Санитарлық ережелерге сәйкес ауыз су режимінің сақталуын бақылауға алсын.
3. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бүйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 10 тамыздағы № 359 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бүйрығына сәйкес білім беру мекемесінің ақпараттық сайттарында ыстық тамақты ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты (ас мәзірі, фото тағамдары, бракераж комиссиясы жұмысының хаттамалары) уақтылы орналастыруға жауаптылық директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары З.А Койтбаеваға міндеттелсін.
4. Мектепте оқушыларды тамақтандыру бюджет /аз қамтылған отбасылардағы балалар, қамқордағы, мүгедек балалар, сондай-ақ 1-4

сынып окушылары үшін/ және ата-аналардың қаржыландыру есебінен ұйымдастырылсын.

5. Мектепте окушыларды тамақтандыруды бақылауға жауапты директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары З.А Койтбаева:

- мектепте окушыларды тамақтандыруына, тағамдардың сапасына, азық-түлік жеткізуіне, өндеуіне әкімшілік-қоғамдық бақылау жүйесін ұйымдастырысын;
- тоқсан сайын окушылардың сапалы тамақтануының сараптамасын жүргізсін;
- окушылардың тамақтануы туралы ақпаратты ата-аналар мен мұғалімдерге уақытылы беріп отырсын /әр тоқсанның соңында/;
- жауапты кезекші мұғалімдерді тағайындағанда отырып, сабак кестесіне сәйкес окушылардың тамақтану кестесі жасалсын. /Қосымша 1/.

5. Әлеуметтік педагог Исаилова Г.С.:

- тегін тамақтанатын окушылардың тізімін дайындастын /01.09.23ж./;
- қалалық білім бөліміне тапсырылатын есептерді уақытында тапсырып отырсын /әр айдың 5-не дейін/;
- тегін тамақтанатын окушылардың ыстық тамақпен қамтылуына үнемі бақылау жасасын.

6. 1-11 сынып жетекшілері және мектепалды сыныбы тәрбиешілеріне:

- МС тәрбиеленушілері мен сынып окушыларын «Мектеп асханасында тамақтану туралы» Ережемен таныстырып, аталған Ережені сақтап және окушылардың сақтауын қадағаласын /үнемі/; /Қосымша 2/
- окушылардың және олардың ата-аналары арасында салауатты ыстық тамақтанудың пайдасы туралы насихаттау жұмыстарын жүргізсін /үнемі/;
- окушылардың ыстық тамақпен қамтылу санын көбейту жұмыстарын жүргізсін;
- окушылардың жеке гигиенасының сақталуын қадағаласын;
- күн сайын окушылардың тамақтануына бақылау жүргізсін.

7. Мектептің медбикесіне:

- окушылардың арасында ішек-асқазан ауруларының алдын алу жұмыстарын жүргізсін;
- күн сайын асханадағы аспазшылардың жұмысын қадағаласын;
- асханадағы ыдыс-аяқ пен арнайы инвентарларға бақылау жүргізсін;
- күн сайын азық-түліктің сақталуына және оны өндеуіне бақылау жүргізсін;
- күн сайын окушыларға берілетін тамақтардың сапасына бақылау жасасын.

8. Асханада окушыларды ұйымдастыру мақсатында келесі кесте бекітілсін:

/Қосымша 3/

9. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



О.Б.Баяхметова

**Асханадаға кезекшілік**

<b>№</b>	<b>Кезекші әкімшілік</b>	<b>Қызметі</b>	<b>Кезекшілік атқаратын күн</b>
1	Койтбаева З.А.	Тәрбие орынбасары	Дүйсенбі
2	Айткужиева Р.А.	Тәрбие орынбасары	Сейсенбі
3	Исмаилова Г.С.	Әлеуметтік педагог	Сәрсенбі
4.	Жолмағанбетова М.С.	Педагог-психолог	Бейсенбі
5	Бешимова К.К.	Аға тәлімгер	Жұма

## МЕКТЕП АСХАНАСЫНДА ТАМАҚТАНУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### 1. Мектеп асханасы:

- 1.1. Оқушыларды уақытылы және сапалы ыстық және буфеттік тағаммен қамтамасыз етеді.
- 1.2. МС тәрбиеленушілері мен 1-11 сынып оқушыларын үзак коңырау уақытында кестеге сәйкес тамақтанырады.
- 1.3. Санитарлық-гигиеналық талаптарды сактайды.
- 1.4. Оқушылардың тамақтануы үшін жағдай жасайды (таза ыдыс-аяқ, ыдыс-аяқтың жеткілікті саны, уақытылық және т.б.).
- 1.5. Оқушыларды сумен қамтамасыз ету мақсатында қайнатылған су мен таза стақандарды ұйымдастырады.
- 1.6. Алдын-ала берілген ұсыныс бойынша сыныптардың тамақ ішетін столын дайындайды.

### 2. Сынып жетекшілер:

- 2.1. Сынып оқушыларының уақытылы тамақтануын қамтамасыз ету мақсатында оқушылардан тамаққа алдын ала ұсыныстарын алғып, тамақтанатын уақытынан бір сағат бұрын асханаға тапсырады.
- 2.2. Кестеге сәйкес сынып оқушыларын асханаға әкеліп, оқушылардың тамақпен уақытылы қамтамасыз етілуін және тәртіп сақтауын қадағалайды.
- 2.3. Оқушылар бойында тамақтану мәдениетін қалыптастырады.

### 3. Оқушылар:

Мектеп асханасында оқушылар келесі ережелерді сақтауға міндетті:

- 3.1. Асханаға кіру және одан шығу барысында жүгірмеуі, айқайламауы және тәртіпті сақтауы қажет.
- 3.2. Асхана жиназы мен ыдысына ұқыпты қарап, бұлдірмейі қажет.
- 3.3. Асханада тамақтану кестесіне сәйкес қана бару қажет.
- 3.4. Тамақтану залында тазалық пен тәртіпті сақтауы қажет.
- 3.5. Асханаға кіргенде және одан шығар алдында міндетті түрде қолын жуу қажет.

- 3.6. Тамақ ішіп болған соң өз орындығын дұрыстап, ыдысын жууға тапсыруы қажет.
- 3.7. Сабаққа қоңырау соғылған соң асхананы босатуы қажет.
- 3.8. Асхана қызметкерлеріне сыйластықпен қарап, алғыс айтуы керек.
- 3.9. Төтенше жағдай туындаған жағдайда дереу сынып жетекшісіне (кезекші мұғалімге) хабарлауы қажет.

#### **4.Кезекші мұғалім мен кезекші оқушылар:**

- 4.1. Оқушылардың кестеге сәйкес асханаға кіруін реттейді.
- 4.2. Оқушылардың тәртіп сақтауын бақылайды.
- 4.3. Оқушылардың сөмкемен, рюкзакпен кірмейін бақылайды.
- 4.4. Төтенше жағдай туындаған жағдайда дереу кезекші әкімшілікке хабарлауы қажет.

#### **5.РҰҚСАТ ЕТІЛМЕЙДІ:**

- 5.1. Асханаға сөмкемен, рюкзакпен кіруге.
- 5.2. Ас дайындастын бөлікке кіруге.
- 5.3. Асханаға сыртқы киіммен кіруге.
- 5.4. Асханада тамақты жүріп, тұрып қабылдау.
- 5.5. Асханадан ыдысты, асты алып шығуға (асты сынып кабинеттерінде, дәлізде жеуге).
- 5.6. Сабақ уақытында асханада тамақтануға.

**Оқушылардың тамақтану кестесі****1-11 сыныптардың тамақтану кестесі**

<b>№</b>	<b>Үзілістің уақыттары</b>	<b>Тамақтанатын сыныптар</b>	<b>Тамақтанатын уақыттары</b>
<b>I-ші кезең</b>			
1	1 сабактан кейін	1 сыныптар	09.05-09.25 /20 минут /
2	2 сабактан кейін	2-4 сыныптар	10.05 – 10.25 /20 минут /
3	3 сабактан кейін	5-11 сыныптар	11.10-11.30 /20 минут /

**МС сыныптардың тамақтану кестесі**

<b>№</b>	<b>Тамақтанатын сыныптар</b>	<b>Тамақтанатын уақыттары</b>
1	МС «А»	09.10-09.30/20 минут /
2	МС «Б»	09.10-09.30/20 минут /